


«Азаматтық Авиация Академиясы» АҚ
Акционерлер жиналысының
Жалпы шешімімен
Бекітілді
«12» мамыр 2017 жылғы
№01-2017 хаттама



**«АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ АКАДЕМИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

2017

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өңделген және «Азаматтық Авиация Академиясы» (осыдан әрі - Қоғам) Акционерлік қоғамның ұйымдасу және қызмет ету құқығының негізін анықтайды.

1.2 Қоғамның ресми толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Азаматтық Авиация академиясы» Акционерлік қоғамы;

Орыс тілінде: Акционерное общество «Академия гражданской авиации».

1.3 Қоғамның ресми қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде: «Азаматтық Авиация Академиясы» АҚ;

Орыс тілінде: АО «Академия Гражданской Авиации».

1.4 Қоғамның және оның атқарушы органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050039 Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Закартпатская көшесі 44-үй.

1.5 Қоғамның қызметі туралы ақпараттар «Экспресс-К» республикалық қоғамдық-саяси газетінде, сондай-ақ «Қала мен дала» қоғамдық-саяси газетінде жарияланады.

1.6 Қоғамның акционерлері:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті. Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын тиісті қабылдау-тапсыру актісі негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады;

2) Алдамжаров Казбек Бахитович (жеке тұлға, ЖСН 470316300074, жеке куәлігі № 022436454, Әділет министрлігінен берілген уақыты 22.07.2008 ж., Қазақстан Республикасының азаматы, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 32 үй, 32 пәтер).

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам заңды тұлға болып табылады.

2.2 Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен, 1994 жылдың 27 желтоқсанындағы № 268-ХІІІ Қазақстан

Республикасының Азаматтық Кодексімен, 13.05.2003 ж. №415 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» (осыдан әрі – АҚ туралы заңы), 27.07.2007 ж. №319-III «Білім туралы», 19.02.2011 ж. №407-IV «Ғылым туралы», 15.07.2010 ж. №339-IV «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану туралы», 04.12.2015 ж. №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдарымен, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен және осы Жарғымен басшылық етеді.

3. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

3.1 Қоғам қызметінің негізгі мақсаты азаматтық авиация үшін кәсіби дайындалған, сапа талабына сәйкес білікті мамандарды қалыптастыру бойынша білім беру және ғылыми қызметті жүзеге асыру болып табылады.

3.2 Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін Қоғам білім беру, ғылыми, ғылыми-өндірістік бағдарламаларды қолданады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік үлгідегі құжаттарын береді.

3.3 Қоғамның негізгі қызметінің түрлері болып табылатындар:

3.3.1 жоғары білім;

3.3.2 білім беру саласында нормативтік құқықтық актілерінде қарастырылған білім берудің барлық түрлері бойынша азаматтық авиация саласында техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жоғары білікті мамандарды дайындау;

3.3.3 магистратура мен докторантурада жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау;

3.3.4 азаматтық авиация саласындағы қызметкерлердің, сондай-ақ жоғары білімді сондай-ақ жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің алғашқы дайындығы, қайта дайындықтан өтуі және кәсіптік деңгейін ұстап қалуы;

3.3.5 орталықтар мен оқу мекемелерінің оқытушылы құрамын жетілдіру, қоғамдық өмір аясында және көлік жүйесінің басқа да салаларында жетекшілер мен азаматтық авиация саласында жетекшілер мен мамандарды қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру;

3.3.6 іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді және басқа да ғылыми-техникалық және тәжірибелі-конструкторлық бойынша азаматтық авиация мәселелерін және білім беру мәселелерін, Қоғамдағы оқу -тәрбие жұмысын жетілдіру;

3.3.7 жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру, сондай -ақ жоғары оқу орнындағы кәсіптік бағыттағы білім беру бағдарламаларын өңдеу және жүзеге асыру;

3.3.8 оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, нұсқаулықтарды шығару;

3.3.9 ғылым және мәдениет, білім беру және авиация саласында шетелдің ұйымдарымен қарым-қатынас құру, екі жақты және көп жақты келісімдер жасасу, студенттерді, магистранттарды, докторанттарды, педагогтарды, ғылыми қызметкерлерді және инженер-нұсқаушы жұмысшыларды халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысу, білім беру және авиация саласында халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (бірлестіктер) қосылу;

3.3.10 авиация мен білім беру саласында ғылыми білім беру шараларын өткізуге, көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, форумдар, симпозиумдар, тренингтерге қатысу;

3.3.11 Қоғамның студенттерімен жұмысшыларына жатақханада тұру қызмет түрін ұйымдастыру;

3.3.12 кітапханалық қызмет түрін, авиация қызметкерлері мен тындаушыларына ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету, сондай-ақ ғалымдардың ақпараттық тапсырыстарын қанағаттандыру мақсатында, Ғаламтор-қорларын енегізе отырып автоматтандыру және компьютерлік амалдарды қолдану жолымен қызметкерлерге ғылыми зерттеуді ұйымдастыру.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Қоғам заңды тұлға болып табылады және өзінің жеке балансында тұрған мүлкін жекешелендіруге құқылы. Қоғам өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқығын алуға және жүзеге асыруға, сотта талап етуші және жауап беруші болуға құқылы.

4.2 Қоғамның меншіктік түрі - жеке меншік.

4.3 Қоғам өзінің барлық міндеттері бойынша жауапты. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттері үшін жауап бермейді.

4.4 Қоғам мемлекеттің міндеттері үшін сондай-ақ мемлекет те Қоғам алдында олардың міндеттері үшін жауап бермейді.

4.5 Қоғамның домалақ мөрі бар, оның толық фирмалық атауы мен орналасқан жерін көрсететін қазақ-орыс тілдеріндегі мортабандары мен бланктері бар.

4.6 Қоғам Қазақстан Республикасы территориясында және одан тыс жерлерде заңды тұлғалардың белгіленген капиталына қатысуға, сондай-ақ тәуелді заңды тұлғаларды және өз қарамағынан құруға құқылы.

4.7 Қоғам пайдаланып сақтаған құжаттарын, “ноу-хау” технологиясын және басқа да ақпараттарды иеленуге және иелік құқығын ұсынуға құқылы;

4.8 Қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлары мен шығару, орналастыру, жүгіну және өтеу тәртібіне, құнды қағаздарды шығаруға құқылы;

4.9 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және халықаралық азаматтық авиация ұйымдарының ерекшелігіне байланысты Қоғам өз бетінше дербес жоспарланған білім беруге, қызметкерлердің еңбек ақысы, материалды-техникалық қамтамасыз етуге, әлеуметтік дамуға, кадрларды

орналастырып, қайта даярлауға, тандауға құқылы;

4.10 Қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасында және халқаралық құқықтық нормаларда қарастырылғандай, шетелдік тұлғалардан және дәл солай қазақстандық тұлғалардан, шетелдік және ұлттық валютада несие мен қарыз алуға құқылы;

4.11 Қоғам, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасында және шетелде бөлімшелер мен өкілеттіліктер ашуға құқылы, жеке мүлік есебінен оларды қаражат айналымымен қамтамасыз етуге, қызметінің тәртібін анықтауға құқылы;

4.12 Бөлімшелер мен өкілеттіліктер Қоғамның Директорлар Кеңесімен бекітілген ереже негізінде әрекет етеді.

4.13 Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтарын жүзеге асыра алады.

5. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1 Қоғамның акционері мынаған құқылы:

1) Қазақстан Республикасының АҚ туралы заңына және Қоғамның Жарғысында қарастырылған тәртіпте Қоғамның басқармасына қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының Заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған жағдайлардан басқа дивиденттерді алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Қоғамның Жарғысымен анықталған тәртіпте, Қоғамның қаржылық есептілікпен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе оның құнды қағаздарға құқылы екенін көрсететін қолдаушыдан көшірме алуға;

5) Қоғамның директорлар кеңесінің тандауы үшін үміткерді Қоғам акционерлерінің жалпы отырысында ұсынуға;

6) Қоғамның органдарымен қабылданған шешімді сот тәртібінде талас білдіруге;

7) Қоғамға жазбаша түрде оның қызметі туралы тапсырыс бере алады және оның жауабын Қоғамнан тапсырыс түскен күннен бастап отыз күн ішінде алуға сұраныс жасауға;

8) Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігіне құқылы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде қарастырылған жағдайлардан басқа, АҚ туралы заңында белгіленген тәртіпте айырбасталымды акциялардағы Қоғамның акциялары мен басқа құнды қағаздарды айрықша сатып алуға құқылы.

5.2 Ірі акционердің құқығы:

1) Акционерлердің кезектен тыс отырысының шақырылуын талап етуге немесе директорлар кеңесі бас тартқан жағдайда сотқа шағымданып, акционерлердің жалпы отырысының шақыртылуын талап ету;

2) директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы отырысының күн тәртібінде Заңға сәйкес қосымша сұрақтардың енгізілуін ұсыну;

- 3) директорлар мәжілісінің отырысын талап ету;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өткізуді талап ету.

5.3 Қоғам акционерінің міндеттері:

- 1) акцияларды төлеу;
- 2) Қоғамның тіркеушісі мен номиналды акция ұстаушысын Қоғамның акцияларын ұстаушылар реестрінің жүйесін енгізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он күнтізбелік күннің ішінде хабарлауы тиіс;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын қызметтік, коммерциялық немесе басқа да Қоғамның қызметтік әрекеттері туралы құпия ақпаратты жарияламау;
- 4) Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындау;
- 5) үлестес тұлғалардың өзгерген жағдайында екі күн аралығында Қоғамға үлестес тұлғалар туралы ақпарат беру.

5.4 Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі 5.3. Жарғының 2- тармағының 2) тармақшасымен белгіленген Қоғам акционерінің талаптарының орындалмау салдары үшін жауапқа тартылмайды.

6. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

6.1 Қоғамның мүлкі келесі есептерден қалыптасады:

- 1) Акционерлермен Қоғам акциясын толеуге берілген мүлік;
- 2) қызмет нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленген басқа да мүлік.

6.2 Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғам акцияларын жариялау арқылы жүзеге асырылады.

7. АКЦИЯЛАР. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

7.1 Қоғам қарапайым акцияларды, сондай-ақ өзге де құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

7.2 Қоғамның құнды қағаздарының талаптары, шығарылым тәртібі, айналымы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

8. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

8.1 Қоғам органдарына кіретіндер:

- 1) жоғары орган — Акционерлердің жалпы мәжілісі;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма.
- 4) АҚ туралы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілеріне және Қоғамның Жарғысына сәйкес өзге

органдар.

9. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

9.1 Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жоғары органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысын Қоғам міндетті түрде жыл сайын өткізуі тиіс және кезектен тыс жүргізілетін болып бөлінеді.

9.2 Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі:

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

2. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы келесідей бастамалар бойынша шақырылады:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

9.3 Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғанда бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Көрсетілген мерзім есеп беру мерзіміне, Қоғам аудитін аяқтау мүмкін емес жағдайында үш айға дейін созылған болып саналады.

9.4 Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез-келген мүдделі тұлғаны талабы бойынша сот шешімінің негізінде бекітілген қолданыстағы Заңмен акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шақырылу тәртібі Қоғаммен бұзылғанда шақыра алады.

9.5 Акционерлердің жыл сайын болатын жалпы жиналысында:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі;

2) Қоғамның бір қарапайым акциясының есептеуде дивидендтің өлшемі өткен қаржы жылына Қоғамның таза табысының таратылуы ретпен анықталады.

3) Қоғамның әрекетіне акционерлердің үндеулері туралы мәселелер және оның лауазымдық тұлғаларының қарастыру қорытындылары қарастырылады.

4) акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті аясындағы қатысты қабылданған шешімдер мен басқа да сұрақтары мен мәселелері.

9.6 Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесідей бастамалар бойынша шақырылады:

- 1) директорлар кеңесі
- 2) ірі акционер.

3) сот шешімі бойынша, егер Қоғам органы акционерлердің кезектен тыс жиналысын өткізу туралы, Қоғамның ірі акционерінің талабын орындаман жағдайда.

9.7 Акционерлердің жалпы жиналыстың өткізуі және дайындығы келесідей жағдайда іске асырылады:

- 1) атқарушы органмен;
- 2) Қоғам тіркеушісімен онымен жасалған шартқа сәйкес;
- 3) директорлар кеңесімен;

4) Қоғамның таратушы комиссиясымен.

Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген кейбір жағдайларды ескермегенде, акционерлердің жалпы жиналысқа шақырылуына дайындықты және өткізу шығынын Қоғам жүргізеді.

9.8 Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілуі туралы хабарлама акционерлерге жазбаша түрінде жолдануы керек. Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілуі туралы хабарлама «Экспресс-К» республикалық қоғамдық-саяси газетінде, сондай-ақ «Қала мен дала» қоғамдық-саяси газетінде жарияланады. Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілуі туралы хабарламада келесілер болуы керек:

1) Қоғамның атқарушы органның орны мен толық атауы.

2) жиналысқа шақырушының ұсыныс жасаушысы туралы мәлімет;

3) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу орыны, күні, уақыты, жиналысының қатысушыларын тіркеуінің алғашқы уақыты, сонымен қатар, Қоғамның акционерлерінің алғашқы жиналысы өткізілмеген жағдайда, қайта өткізілуі тиіс, жалпы жиналыстың қайта өткізілу уақыты мен күні;

4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлер тізімін құрастыру күні.

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелеріне арналған материалдар бойынша Қоғам акционерлерінің танысуын реті;

7) жиналысты өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беру тәртібі және сырттай дауыс беру рәсімі;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері сәйкес жиналыстарды өткізу нормалары;

9.9 Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу күні акционерлердің жалпы жиналысының алғаш белгіленген (өткізілмеген) күнінен ерте болмау керек.

9.10 Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу орны алғаш белгіленген (өткізілмеген) орнында болуы керек.

9.11 Акционерлердің жалпы жиналысының қайта өткізу күн тәртібі алғаш белгіленген (өткізілмеген) жиналысының күн тәртібінен өзгермеуі қажет.

9.12 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен құрылады және барлық сұрақтарды талқылау үшін толық тұжырымдау қажет. Акционерлерді жалпы жиналыстың өткізілуіне он бес күн бұрын күн ескертілген жағдайда жалпы жиналысының күн тәртібі тәртібіне ірі акционер және директорлар кеңесі өзгентулер енгізе алады.

9.13 Күн тәртібінің өзгеруі туралы ұсыныстары директорлар кеңесі көзбе-көз ретінде жүргізілетін кездестіру акционерлерінің жалпы жиналысының ашылуында баяндауға міндетті.

9.14 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде сырттай дауыс беруі арқылы акционерлердің жалпы жиналысының шешімін қабылдауда толықтырулар (немесе) және өзгерістер енгізе алмайды.

9.15 Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген

мәселелерді қарастыруға құқығы жоқ.

9.16 Күн тәртібінде кең көлемді мағыналы түсінілетін «әртүрлі», «басқа да», «бөгде» деген жалпыға ортақ қолданыстарды пайдалануға болмайды.

9.17 Акционерлердің жалпы жиналыстың күн тәртібінде қарастырылатын сұрақтары бойынша материалдарда көлемі жайлы акпараттарда болуы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған дәлелденген шешімдерді қабылдану үшін қажет.

9.18 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтарына арналған материалдары Қоғамның атқарушы органының орналасқан орыны бойынша дайын және қолжетімді болуы керек. Жиналыстың өту күніне дейін он күннен кем емес болуы керек. Ал акционердің сұранысы түскен мерзімнен үш жұмыс күні ішінде жауабы жолдануы керек.

9.19 Акционер жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелері бойынша қарастырып шешім қабылдауға құқылы, егер жиналыстың қатысушыларына акционерлер тіркеліп немесе акционерлер тізіміне кірген олардың өкілетті өкілдері жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқылы.

9.20 Акционерлердің жалпы жиналысында, акционерлердің өкілі ретінде қатысуға құқылы емес:

1) Қоғамның атқарушы органының мүшелері

2) Қоғамның қызметкерлері, кейбір жайларды ескермегенде, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде дауыс беру туралы мәселелерінің өкілеттілігі сенімхатқа негізделген.

9.21 Акционерлер жалпы жиналысының кворумы:

9.21.1 акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша қарастырып шешім қабылдауға құқылы, егер жиналыстың қатысушыларына акционерлер тіркеліп немесе акционерлер тізіміне кірген олардың өкілетті өкілдері жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқылы, Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу немесе одан да көп пайызының жиынтығының иелі тұлғалары қатысады;

9.21.2 акционерлердің өткізілмеген жиналыстың орнына өткізілетін қайта жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворумның болмауына байланысты өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысының шақырылу тәртібі сақталды;

2) сырттай дауыс беретін акцияларды, Қоғамның жиынтығының қырық немесе одан да астам иеленушісі (немесе олардың өкілдері) онда акционерлер тіркеуі аяқталған сәтте тіркелген.

9.21.3 акционерлерге бюллетень сырттай бағытталған жағдайда дауыс берудің сырттай дауыс берілуі, ұсынып көрсетілген бюллетен мен Қоғаммен жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу мезетіне Қоғам мен кворумды анықтауда дауыс берудің қорытындысын шешетін кезде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, сырттай дауыс беру түрінде акционерлердің жалпы отырысы қайта жүргізілмейді.

9.22 Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі:

9.22.1 акционерлердің жалпы жиналысының ашуына дейін келген (олардың өкілдерінің) акционерлердің тіркеуі жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беруіне және қатысуына оның өкілеттілігін растайтын сенімхатты көрсетуі керек.

Акционер (акционердің өкілі) тіркеуден өтпесе, дауыс беруге, кворум және ұйғарымында араласуға құқылы емес.

Жеке түрде өткізілетін, акционерлердің жалпы жиналысында басқа да шақырылған тұлғалар сөз ала алады.

9.22.2 акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан ерте ашылмайды, тек қана тіркелген барлық акционерлер (акционердің өкілі) жиналыстың ерте ашылуы туралы хабардар болған және олардың ешқайсысы қарсы болмаған жағдайда.

9.22.3 акционерлердің жалпы жиналысы, жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысының (төралканы) таңдауын жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс берудің келесідей түрін анықтайды - ашық немесе (бюллетень бойынша) құпия. Тұлғаларды таңдауда мәселелер бойынша дауыс беру кезінде, әр акционер, бір дауысқа құқылы, ал шешім қарапайым көпшілікпен қатысушылар санымен қабылданады.

Атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды, егер аталған жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы атқарушы органның мүшелері болып табылса.

9.22.4 акционерлердің жалпы жиналысы кезінде оның төрағасы қарастырылып жатқан мәселе жөнінде пікір таласуды тоқтатуға ұсыныс жасап тоқтатуға құқылы, сондай-ақ сол мәселе бойынша дауыс беру амалын өзгертуге құқылы.

Төраға, кейбір жайларды ескермегенде күн тәртібі мәселелерін талқылауда, акционерлердің жалпы жиналысының қатысушы тұлғалардың регламент сақтау реті бұзылмаса немесе нақты сол мәселе бойынша талқылау тоқтатылмаса тұлғаларға сөз алуға кедергі келтіруге құқылы емес.

9.22.5 акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметіне үзіліс жариялап және мерзімінің жалғасуын туралы, сондай-ақ басқа жеке мәселелерді акционерлердің жалпы отырысының күн тәртібінде келесі күнге ауыстыруы туралы шешім қабылдауға құқылы.

9.22.6 акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінде барлық мәселелерді қарастырып және шешім қабылдағанда ғана жабық деп қарастырылады.

9.22.7 акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы, акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасындағы мәліметтердің нақтылығымен толықтықтығына жауап береді.

9.23 Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы өткізіле алады. Сырттай дауыс беру (аралас дауыс беру)

акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берумен бірге немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысынсыз қолданыла алады.

9.24 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы, жиналыстың жабылуынан кейін үш күн ішінде құрылып қол қойылуы керек.

9.25 Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына толықтырулар мен өзгерістерін енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқарудың Кодексін бекіту, сонымен бірге оған толықтырулар мен өзгерістер енгізу;

3) ерікті қайта ұйымдастыру немесе Қоғамның жойылуы;

4) жарияланған Қоғамның акцияларының санын көбейту немесе қоғамның жарияланып орналастырылмаған түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның құнды қағаздарының конверттеу шарттарын, сондай-ақ олардың өзгеруін анықтау;

6) Қоғамның қарапайым акцияларын конверттеу, құнды қағаздарын қабылдау туралы шешімін қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастың жағдайы мен тәртібін анықтау;

8) есептік комиссиясының өкілетті мерзімі және оның мүшелерін таңдау, олардың өкілеттілігін тоқтату, сандық құрамын анықтау;

9) директорлар кеңесінің өкілетті мерзімі, олардың мүшелерін таңдау және мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сондай-ақ сыйақы мен өтемақы төлеу шығынының жағдайын және мөлшерін анықтау, директорлар кеңесінің мүшелерінің өз міндеттерін орындауды анықтайды;

10) Қоғамның аудитін іске асырушы, аудиторлық ұйымды анықтау;

11) жылдық қаржылық есепті бекіту;

12) Қоғамның бір қарапайым акциясын есептеуде дивидендтің өлшемін бекіту және қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы қаржы жылына есеп беру, шешім қабылдауда Қоғамның таза табысының үлестіру ретін бекіту;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистинг жасауға шешім қабылдау;

14) Қоғамның құрылуы немесе қызметі басқа да заңды тұлғалардың немесе оның қатысушылар құрамынан (акционерлер) немесе басқа да өткізу (қабылдап алу) жолы арқылы заңды тұлғалардың активтерінің бір бөлігі немесе бірнеше бөлігі, жиырма бес немесе одан да көп барлық Қоғамға тиесілі активтердің құнына қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) акционерлерінің жалпы жиналысының шақырылуы туралы бұқаралық ақпараттық құралдарында бұндай хабарламаны орналастыруды анықтаудың түрі;

16) акционерлердің жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;

17) әдістеме өзгерістерін бекіту (жиналыстың құрылтайшысымен әдістеме бекітілмесе, оны бекіту) АҚ туралы заңына сәйкес

ұйымдастырылмаған нарықта Қоғаммен акцияны сатып алу құнын анықтау;

18) «алтын акцияны» енгізу және жою;

19) Қоғам қызығушылық танытып отырған ірі келісімді немесе келімісдерді жасауда шешім қабылдау;

20) АҚ туралы заңына және акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын тағы да басқа мәселелер.

9.26 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып қабылданатын келесі шешімдерден басқа, акционерлердің ерекше құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша өз еркімен шешім қабылдайды:

1) Қоғамның Жарғысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту;

2) Жарғылық капиталдың мөлшерін өзгеру;

3) жылдық қаржылық есепті және Қоғамның таза табысын үлестіру ретін бекіту;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызын немесе одан да көп пайыз құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін тапсыру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе Қоғамның әрекеттеріне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) директорлар кеңесінің өкілетті мерзімі, олардың мүшелерін тандау және мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сондай -ақ сыйақы мен өтемақы төлеу шығынының жағдайын және мөлшерін анықтау, директорлар кеңесінің мүшелерінің өз міндеттерін орындауды анықтау;

6) «алтын акцияны» енгізу және жою;

7) директорлар кеңесінің Қоғамның ішкі қызметтеріне қатысты шешімдерін өзгерту.

9.27 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ескермеген басқа да Қоғамның қызметкерлері және басқа да лауазымдық тұлғалары, басқа да органдардың құзыретіне тек қана акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатыстылар бойынша шешім қабылдау, мәселелерді айтуға болмайды.

9.28 Қоғамның жалпы жиналысы, Қоғамның ішкі қызметіне қатысты, Қоғам мәселелері бойынша кез-келген шешімін өзгертуге құқылы.

10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1 Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы жетекшілікті іске асырады, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Қоғамның Жарғысымен (немесе) және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған мәселелерінің шешімдерінің есебінсіз.

10.2 Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайлардағы Қоғамның даму жоспары бекіту немесе Қоғамның дамыту стратегиясы және Қоғамның қызметінің басым бағытын анықтау;

2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу және жылдық шақыру туралы шешімді қабылдау;

3) орналастырылған акциялар туралы (іске асыру) орналастырылған акциялар аясында, орналастыру амалы мен құнына туралы шешім қабылдау;

4) Қоғам орналастырған акцияларды және басқа да құнды қағаздарды оларды сатып алу құнымен сатып алу шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

6) директорлар кеңесінің комитеттер туралы ережелерін бекіту;

7) Қоғамның облигациялары мен өндірістік құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау және оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) орындаушы органның өкілеттілігі мерзімі сандық құрамы анықталады, оның жетекшілерімен мүшелері таңдалады (атқарушы органның қызметін өз күшімен жүзеге асырушы тұлға), сондай-ақ олардың өкілеттілігінің мерзімінен тоқтату;

9) ішкі құрамды анықтау, ішкі аудитті қызметтің өкілетті қызметкерлерінің мерзімі, оның мүшелері мен жетекшілері, сондай-ақ олардың өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтату ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметтің жұмыскерлеріне сыйлық беру және еңбек ақысын төлеу жағдайлары және мөлшері;

10) Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақылары мен еңбекақы шарттарын анықтау;

11) корпоративтік хатшыны өкілеттілік мерзімін тағайындау, анықтау , оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысын және сыйақы төлеу мөлшерлерін анықтау;

12) қаржылық есеп аудиті үшін аудиторлық ұйымдастыру қызметінің төлемінің түрінің мөлшерін анықтау, сондай-ақ мүліктің нарықтық бағасын анықтау бойынша бағалаушы, Қоғам акциясын төлеуге берілген ірі келісім амалы болып табылады;

13) Қоғамның ішкі әрекеттерін қадағалайтын құжаттарды бекіту, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарды жаздыру және аукциондардың өткізілу шарттарын анықтайтын ішкі құжаттарды бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерді құру және тарату және олардың ережелерін бекіту туралы шешім қабылдау;

15) басқа да заңды тұлғалардың (жарғылық капиталдың бөлісіне қатысушы) Қоғаммен оннастам және одан да көп пайыз акциялардың сатып алуы туралы шешімін қабылдау (өзге тұлғаның мүлкін өткізу);

16) акционерлердің (қатысушылардың) заңды тұлғалардың Қоғамға қарайтын акцияның оннан немесе одан да астам пайызы (жарғылық капиталдың бөлісіне қатысушы) жалпы жиналыстың құзыретіне қатысты, қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

17) жеке капиталының он және оннан көп пайызын құрайтын Қоғам сомасының ұлғаюы туралы;

18) Қоғам туралы ақпараттың ұйғарымы немесе қызметтік, коммерциялық құрайтын оның қызметіне немесе басқа заңдармен қорғалатын

күпияны анықтау;

19) Қоғам жұмысшыларының жалпы штат санын келісілуі;

20) Қоғамның ұйымдық құрылымының келісілуі;

21) Ірі келісімдер мен Қоғам мүдделі болатын келісімдер туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның жарғысымен (немесе) колданыстағы заңда қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының ғана құзыретіне қатысты емес, басқа да мәселелер.

10.3 Директорлар кеңесінің құзыретіне қатысты мәселелер атқарушы органға шешім қабылдау үшін берілмейді.

10.4 Директорлар кеңесі Қоғамның жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сондай-ақ, акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қарсы келетін шешім қабылдауға құқылы емес.

10.5 Директорлар кеңесінің міндеті:

1) акционерлер мен лауазымдық тұлғаларды ықтималды дауласушылардың қызығушылығын мүмкіндігінше жойылуын қадағалау, сондай-ақ Қоғамның мүлкін құқысыз қолдану және қызығушылық танытқан тұлғалармен келісім жасар алдында теріс пайдаланушылықты қадағалау;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігі мен бақылауды іске асыру.

10.6 Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі басқа тұлғаларға Қоғамның Жарғысына және (немесе) АҚ туралы заңына сәйкес оған жүктелген қызметтерді орындауға басқа біреуге беруге құқылы емес.

10.7 Директорлар кеңесінің мүшелері келесілер ішінен сайланады:

1) акционерлер - жеке тұлғалар;

2) акционерлердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға (ұсынылған) ұсынған тұлғалар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын жеке (ұсынылмаған) тұлғалар директорлар кеңесіне акционер өкілі ретінде таңдауға ұсынылмаған жеке тұлғалар жатады.

10.8 Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау, жинақы дауыс беру арқылы бюллетеньдерді қолданып іске асырылады, егер директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидаттан артық дауысқа салынатын болса.

10.9 Атқарушы органның басшысынан басқа, оның мүшелері директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

10.10 Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кем дегенде үш адамнан құралуы тиіс. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамы кем дегенде отыз пайыздан астамы тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам жарғысымен белгіленеді.

10.11 Директорлар кеңесінің құрамына іріктелген тұлғалар шектеусіз

мерзімде қайта дауысқа түсе алады.

10.12 Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі, акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттілігі мерзімі акционерлердің жалпы жиналысының өткізу кезеңінде аяқталады.

10.13 Акционерлердің жалпы жиналысының барлық немесе директорлар кеңесінің жеке мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

10.14 Директорлар кеңесінің мүшесінің мұндай өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша ескертуінің негізінде іске асырылады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесінің көрсеткен ескертуін алған сәттен бастап тоқтатылады.

10.15 Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатылу жағдайда жинақы дауыс берумен, акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған өкілеттілік, директорлар кеңесінің мүшесі бұл өкілеттікте жаңа сайланған директорларды кеңестің өкілеттіктері мерзімінің өтуі негізінен бір уақытта аяқталады.

10.16 Директорлар кеңесінің төрағасы құпия дауыс беру арқылы директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан көпшіліктің дауыс беруі арқылы оның мүшелерінің ішінен сайланады. Директорлар кеңесі төрағаны кез-келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

10.17 Директорлар кеңесін төрағасы, директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысына жетекшілік етеді, сонымен бірге басқа Қоғам Жарғысымен анықталған басқа да қызметтерді іске асырады. Директорлар кеңесінің төрағасының жоқ жағдайында, директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің біреуі оның қызметін атқарады.

10.18 Директор кеңесінің мәжілісі оның төрағасының бастамасы бойынша немесе атқарушы органның қызметін жүзеге асырушының талабы бойынша немесе келесілердің талаптары бойынша шақырылады:

- 1) директорлар кеңесінің кез-келген мүшесі;
- 2) Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйым;
- 3) ірі акционер.

10.19 Директорлар кеңесінің мәжілісі директорлар кеңесінің төрағасымен немесе атқарушы органмен он күнтізбелік күн ішінде шақыртылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі талап көрсеткен тұлғаның шақыруымен міндетті түрде жүргізіледі.

10.20 Директорлар кеңесінің мүшелеріне және «алтын акция» иегеріне директорлар кеңесінің мәжілісінің өтетіні туралы хабарламаны жіберудің тәртібін директорлар кеңесі анықтйды.

Директорлар кеңесінің мәжілісі талап көрсеткен тұлғаның шақыруымен міндетті түрде жүргізіледі.

10.21 Егер Қоғамның жарғысымен басқа мерзім белгіленбесе, мәжілісті өткізу күніне дейін жеті күнтізбелік күн ішінде директорлар кеңесінің мүшесіне дейін күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер бойынша

материалдар ұсынылады. Егер ерекше жағдайларда келісімге отыру туралы шешім қабылдауға қарастырылса, келісімде тараптар туралы ақпаратты мәліметтері және осыған тартылған тұлғалардың қатысу көлемі мен сипаттамасы туралы, сондай-ақ бағалаушының есебі (егер ірі келісімге отырса) болуы керек.

10.22 Директорлар кеңесінің мәжілісін орындауға арналған кворум, Кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан төмен болмауы керек. Егер Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы саны кворум өткізуі үшін жеткіліксіз болса, жарғымен анықталған, директорлар кеңесінің жана мүшелерін таңдау үшін, Директорлар кеңесі кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыртуға міндетті. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының отырысының шақыртылуы туралы шешім қабылдау, директорлар кеңесінің қалған мүшелері ғана құқылы.

10.23 Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие бола алады. Директорлар кеңесінің шешімі директорлар кеңесіне қатысушылармен қолданыстағы Заңмен немесе осы Жарғымен қарастырылмаса, жай дауыс беруімен қабылданады. Директорлар кеңесінің мәжілісінде берілген дауыстар тепе-тең түскенде директорлар кеңесінің төрағасының немесе төрағалық еткен тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

10.24 Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін жүргізу туралы шешімді қабылдауға директорлар кеңесі құқылы.

10.25 Директорлар кеңесінің шешімін қабылдау (сырттай дауыс беру) директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу жолы бола алады. Сырттай дауыс беру арқылы шешімі, белгіленген мерзімде қабылданған бюллетеньдерде көрсетілген кворум болған жағдайда танылады.

10.26 Директорлардың кеңесінің мәжілісінің сырттай шешімі жазбаша түрде ресімделген, директорлар кеңесінің төрағасыны және хатшысының қол қойылған болуы керек. Ол шешімнің ресімделген күнінен жиырма күннің ішінде бюллетеньдердің көшірмелері директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы керек.

10.27 Директорлар кеңесінің жеке тәртіпте өткізілген мәжілісінде қабылданған шешімге төрағалық еткен тұлға мен директорлар кеңесінің хатшысының қолдары отырыс өткеннен кейін үш күн ішінде қойылуы керек, сондай-ақ шешімде келесілер болуы қажет:

- 1) Қоғамның атқарушы органның орналасқан орны мен толық атауы;
- 2) мәжілістің өткізілу орыны мен күні, уақыты;
- 3) мәжіліске қатысушы тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) мәселелер, дауыс беру қаулысы, дауыс беру қорытындысы бойынша директорлар кеңесінің дауыс беруші әр мүшесінің дауыс беру қорытындысы мен директорлар кеңесінің мәжілісінің күн тәртібінің әр мәселесі бойынша мәліметтер;
- 6) шешімді қабылдауы;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

10.28 Директорлар кеңесінің мәжілісінің қабылданған шешімі мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған хаттамасы Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің талабы бойынша директорлар кеңесінің хатшысы, директорлар кеңесінің хаттамасын және шешімін, сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімімен танысуға, оған Қоғамның өкілетті органының қолы қойылған және Қоғамның мөрі басылған хаттама мен шешімнің көшірмесін ұсынады.

10.29 Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыспаған немесе қарсы дауыс берген шешімдер, тәртіп бұзушылықтар, Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданған Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қоғам Жарғысында бекітілгендей сот тәртібінде өз құқын дауласуға құқылы.

10.30 Акционер сотта Қоғамның директорлар кеңесінің жаңа мүшелерінің және көрсетілген шешіммен олардың құқығы бұзылғандығын, Қоғамның жарғысы және қолданыстағы Заңның талаптары бұзылып қабылданған шешіммен дауласуға құқылы.

11. ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

11.1 Қоғамның ағымдағы қызметімен жетекшілік ету 3 (үш) адамнан кем емес алқалы орган болып табылатын атқарушы органмен - Басқармамен іске асырылады.

Атқарушы орган Қоғамның қызметінің кез-келген сұрақтары бойынша шешім қабылдауға, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қатысты емес және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының және басқа құзыретті органдардың Қоғамның жарғысымен Қазақстан Республикасының Заңнамалық актілермен шешім қабылданады.

Қоғамның Басқармасының шешімі отырысқа қатысқан атқарушы органның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамамен қабылданады.

11.2 Атқарушы орган директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімін орындауға міндетті.

11.3 Қоғамда бекітілген шектеулерді бұзушылықтарды оның атқарушы органдарымен атқарылғанын егер ол дәлелдейтін болса келімісге отырар кезінде тараптар тараптар бұндай шектеулерді білген болса дауласуға құқылы.

11.4 Ректор, Қоғамның атқарушы органының қызметін жүзеге асырушы, атқарушы органның жетекшісінің лауазымын атқаруға құқығы жоқ, басқа да заңды тұлғалардың атқарушы органдарының қызметін жеке іске асырушы.

11.5 Атқарушы орган қызметі, құқығы мен міндеті Қазақстан Республикасының Қоғам жарғысымен, сонымен бірге қоғамның көрсетілген тұлғамен бекітілген еңбек келісім шартымен және заңнамалық актілерімен анықталады. Директорлар кеңесінің немесе жалпы жиналысында өкілетті тұлғамен немесе директорлар кеңесінің төрағасымен, Қоғам атынан еңбек келісіміне Ректормен қол қойылады.

11.6 Басқарма Төрағасы-Ректор:

- 1) директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) үшінші тараптармен қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз жұмыс істейді;
- 3) үшінші тараптармен Қоғамның қатынасында ұсынуға сенімхат арқылы құқық беріледі;
- 4) Қоғамның қызметкерлерін қабылдау және шығаруды (Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген кейбір жайларды ескермегенде) марапаттау немесе тәртіптік сөгіс жариялауды, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын бекітуді, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жеке қосымша төлемдер жүргізуді, Қоғам қызметкерлерінің сыйақы төлеу мөлшерін анықтайды, Қоғам аудитінің ішкі қызметін және атқарушы органның құрамына кіретіндерді жүзеге асырады;
- 5) өзі жоқ кезде, атқарушы органның мүшелерінің біреуіне өз міндеттерін орындауын артады;
- 6) атқарушы орган мүшелердің арасындағы өкілеттік пен жауапкершілікті жүктейді;
- 7) Қоғамның жұмысшыларының жалпы штаттық санын анықтап директорлар кеңесімен келістіреді;
- 8) Қоғамның ұйымдық құрылымдарын өңдеп директорлар кеңесімен келістіреді;
- 9) Директорлар кеңесінің және акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерімен және Қоғамның Жарғысымен басқа да қызметтерді анықтайды, іске асырыды.

12. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

12.1 Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелері) Қоғамның лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген міндетті адал атқарады, Қоғамның және акционерлердің қызығушылығын көрсететін амалдар қолданылады

12.2 Қоғамның лауазымдық тұлғалары Қоғамның мүліктік құқықтарын және Жарғыға қарсы мүлікті пайдалануға немесе акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Қоғамның директорлар Кеңесімен, сондай-ақ жеке мүддесінде аффилиирленген тұлғалар мақсатында қолдануға болмайды.

12.3 Қоғамның лауазымды тұлғалары аудиттің бейтараптығынмен бірге қаржылық тіркеу мен бухгалтерлік есептің, өткізілуімен қоса жүйенің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті.

12.4 Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес Қоғамның және акционерлердің алдында іс-әрекеттерімен және әрекетсіздіктерінің нәтижесінде келген зиян келтіргендеріне, шығынға әкелгендеріне және келісі көрсетілгендерге жауапкершілікті жүктейді:

- 1) жаңылыстыру және әдейі өтірік ақпараттар беру;
- 2) АҚ туралы заңында көрсетілген ақпараттар беру тәртібін бұзушылық;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

12.5 Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органы қабылдаған, қоғамға не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

12.6 Егер лауазымды адамның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің осы АҚ туралы заңында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

12.7 Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды адамдары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауаптылықта болады.

12.8 Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде лауазымды тұлғаға шағымданып, жасалған шығынның орнын толтыру, немесе Қоғамның шығынға батқандығы туралы сотқа арыздана алады.

12.9 Қоғаммен келісімге отыруға қызығушылық танытқан тұлға, осы Жарғымен қарастырылған келісімнің бұзылып, тәртіпке шақырып, оның қорытындысын Қоғам алдында келтірген шығынға жауапты. Бірнеше тұлғалармен жасалған келісім кезінде олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі бірдей болып табылады.

12.10 Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарымен Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуымен ұсынылуын бақылайды.

12.11 Қоғамның жұмысы тоқтаған сәттен бастап үш жыл ішінде, Қоғамның ішкі құжаттары белгіленбеген болса, Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

12.12 Қоғамның үлестес тұлғаларының өзгерген сәтінде, Қоғамның лауазымды тұлғалары 2 күн ішінде осындай өзгерістер туралы ақпаратты Қоғамға тапсыруға міндетті.

13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

13.1 Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау үшін Қоғамның Ішкі аудитінің қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің құрамы үш мүшеден кем емес болады.

13.2 Ішкі аудит қызметі, үш жылдан аспайтын мерзімге директорлар кеңесінің шешімі бойынша сайланады. Өкілеттіктер мерзімі, Қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен бұрын тоқтатылады. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынып, өз жұмысы туралы оларға есеп береді.

13.3 Ішкі аудитті қызметтің қызметкерлері Қоғамның Басқарма және Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

13.4 Ішкі аудит қызметі кез келген уақытта оз ынтасымен немесе Қоғамның директорлар кеңесінің тапсырмасымен Қоғамның қызметіне тексеру жүргізеді. Ол үшін ішкі аудит қызметі Қоғамның барлық құжаттамасын пайдалану құқығына ие болады. Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша Қоғам қызметкерлері қажетті түсініктемелерін ауызша немесе жазбаша түрде беруге міндетті.

13.5 Ішкі аудит қызметінің жетекшісі Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілісіне, оның қызметіне қатысты мәселелерді, Директорлар кеңесінің күн тәртібінде қарастырылатын мәселелерді ұсынуға, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің жұмысына үміткерлерді таңдауға ұсыныс бере алады.

14. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУДИТІ

14.1 Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

